

Коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлем ақы белгілеудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 1377 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Коммуналдық қызметтің халыққа арналған тарифтерін белгілеудің мынадай тәртібі енгізілсін:

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші - табиғи монополияшыларының мемлекеттік тізіліміне енген, коммуналдық меншікке жататын кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне тарифтерді;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің аймақтық органдарының келісімі бойынша, жергілікті өкілетті органдары белгілейді;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші - табиғи монополияшыларының мемлекеттік тізіліміне енген ұйымдар (мемлекеттік коммуналдық меншік объектілері болып табылмайтын) көрсететін қызметтерге тарифтерді Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің аумақтық органдары белгілейді;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші - табиғи монополияшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізілмеген, коммуналдық меншікке жатпайтын ұйымдар көрсететін қызметтерге тарифтер - қызмет көрсететін ұйым және тұрғын үй меншік иелерімен немесе олардың бірлестігі арасында жасасылған шарттар бойынша айқындалады. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес монополияшылар деп танылған, коммуналдық қызметтер көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметтерін реттеу - монополияға қарсы заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Коммуналдық қызмет көрсетулерге арналған тарифтерге өзгерту, тоқсанына 1 реттен жиі емес, тоқсан басында 1-ші күннен бастап жүргізіледі;

коммуналдық қызмет көрсетулерге арналған тарифтерді қайта қараған кезде оның ұсынылатын деңгейімен бұқараны таныстырады және тариф қолданысқа енгізілместен 15 күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады;

тұрғын үй меншік иелерінен алынатын коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлемақы мөлшері бекітілген тарифтер мен есептегіш құралдардың көрсеткіштері бойынша, оларды нақты тұтынуына орай, ал есептегіш құралдары

болмаған жағдайларда - қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес белгіленген, тұтыну нормаларына қарай айқындалады деп белгіленсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК